



Ақмешіт

3 қазан
сейсенбі
№78 (1985)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



THE WALL STREET JOURNAL.

Эван Гершкович: Бостандық үміті

Сөз еркіндігі шындыққа жақындатыны рас. Дегенмен ақиқаттың салмағы, тәуекелдің ақысы барын ұмыта береміз. Себебі әлдің арамза ойын әлемге әшкерә етерде қауіп-қатер, айла-шарға, қоқан-лоқкының күшейетіні бар. Тіпті біз күткен шындық пен солақай күштің кереғар келетін тұсы көп. Ресейде алты ай бұрын абақтыға жабылған американдық журналист, The Wall Street Journal басылымының меншікті тілшісі Эван Гершковичтің тағдыры да – шындық жолындағы құрбан үлгісі.



Мәселенің мәнісі мынада. Ресейдегі шетелдік тілші Эван Гершкович жыл басында Екатеринбург қаласына іс-сапармен барды. Әскери журналистика жанрында зерттеу жүргізетін тілшінің сапардағы мақсаты белгісіз. Өзінің айтуы – мобилизация мен халықтың соғасқа көзқарасы туралы ақпарат жинау болған. Көп өтпей, «АҚШ-тың арнайы тапсырмасымен әрекет етіп, мемлекеттік құпияны жинады» деген желеумен Гершковичті тұтқындады. Бүгінге дейін прокуратура бірде-бір салмақты дәйек келтіре алмаса да шетелдік тілшіні тұтқында ұстауда.

Әрине, сөз бостандығы туралы асқақ сөйлейтін АҚШ шындық үшін бас бостандығынан айыру дегенге өш. Оған қоса тілші өз азаматы болған соң ресми наразылық нотасы, қарсылық акциясы, талап-ескертпелермен төтелеуде. Қызметкері құрықталған «The Wall Street Journal» редакциясы да аянып қалған жоқ, ауық-ауық РФ прокуратурасына қарсы дәйек келтіріп, Ресей қоғамын оятуға талпынып келеді. Кезекті маңызды ұмытылс жұма күні сандра көрініс тапты. Газет тілшісі Линдси Уайз «Сенаторлар тілшіні босатуды талап етті» деген атаумен мақала әзірледі.

«Қос партия өкілдері халықаралық қатынастар комитетінде Ресейде тұтқындалған тілші Эван Гершковичке қатысты резолюция қабылдады. Онда Ресей билігінің «Wall Street Journal» тілшісі Эван Гершковичті дереу босатуды талап еткен. Егер бұл әдіс те әсер етпесе, тілші 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Аталған резолюцияны 27 сенатор мақұлдады.

Сенаторлардың жанұшыра үн қатуы тегін емес. Себебі өткен сейсенбіде мәскеулік сот Гершкович ісіне қатысты үкімді қайта қараудан бас тартты. Сот отырысына АҚШ-тың РФ-дағы елшісі Линн Трейсидің қатысуы да оқиға ауанына өзгеріс әкеле алмады», – дейді автор.

Айта кетерлігі, резолюцияда тек Гершковичті ғана босату туралы айтылмаған. Оған қоса 2018 жылдан бері Ресейде қамауда жатқан американдық кәсіпкер Пол Уиланды да бостандыққа шығаруды талап еткен. Байқағанымыз, екінші кейіпкердің тағдыры анағұрлым күрделі. Себебі Гершковичке қарағанда Пол Уилан АҚШ-тың әскер құрамында болған кәсіпкеріңісқаққан жауынгер. Ресейге кәсіпкер кейіпінде еніп, «тыңшылықпен айналысты» деген айыппан 16 жылға қамалды.


Резолюция жарыққа шығысымен Ресей билігі арнайы жауап қатты. Олар өктем сөйлеген сенаторларға пысықырып қарамайтынын барынша «мәдениетті» жеткізген. Тіпті халықаралық БАҚ арқылы сот үкімі қайта қаралмайтынын ресми мәлімдеді.

Иә, істің орайы қалай құбылары әлі белгісіз. Екі тарап та қолда бар әдісті пайдаланып бағуда. Нәтиже уақыт еншісінде екені түсінікті. Дегенмен аталған мақаланы талдауға итермелеген басқа себеп. Тілші оқиғаны жеткізуде ерекше журналистік шешім мен психологиялық әдісті қолданыпты. Мақаланың қандай ортасына Гершкович отбасының үндеуі мен сағыныш сөзін қоса жариялаған екен. Бір қарағанда ешқандай өзгешелік жоқтай көрінгенімен, мақаланың маңызы мен дақыртына әсер еткен ұтымды әдіс – осы. Себебі адам сезімі мен мінез-құлқын дөп басқан тілші жақынынан жырақтаған отбасының жанайқайы арқылы бүтін қоғамның санасына сең жүргізуді жоспарлаған. Әрине, бұл әдіс қаншалықты өзін ақтары белгісіз. Дегенмен халықаралық журналистикадағы тиімді тенденцияға жол ашты деуге болатындай.

4 БЕТТЕ

ҚЫС ЖАҚЫНДАДЫ, КӨМІР ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Енді бір әрі кетсе екі аптаның көлемінде жылу аптаның көлемінде жылу маусымы басталады. Жылдағы үрдіс бойынша алатын болсақ, 15 қазанда жылу беріледі. Бұл – қыс жақындады деген сөз. Қаншалықты дайынбыз? Қолда бар ақпаратқа сүйенсек, өңірдегі көмір қоры қысқа толық жетпейтін көрінеді. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта Арал, Қазалы және Жалағаш аудандарына қажетті көмір қорының 30 пайызы ғана жеткізілгені жазылған. Қармақшы мен Сырдарияда да жағдайдың оңып тұрғаны шамалы.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірде көмір қорын жасақтау мәселесі қаралды.

Аймақ басшысы жылу беру маусымына дайындық барысында қажетті көмір қорын жинақтау мәселесі ең өзекті екенін атап өтті.

– Бұл мәселе Мемлекет басшысының және Үкіметтің тікелей бақылауында. Мен көмір қорын дайындауды жаз айларынан бастау қажеттігін айтып келемін. Кейбір әкімдер жұмысты әлі де дұрыс ұйымдастырмаған. Бұған дейінгі жиналыстарда тиісті аудан әкімдеріне қатаң ескерту жасаған болатынмын. Алайда Арал, Қазалы және Жалағаш аудандарына қажетті көмір қорының 30 пайызы ғана жеткізілген. Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының көмір қоймаларындағы көрсеткіш төмен. Жылу беру маусымында көмірге қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс! Операторлармен, «Қазақстан темір жолымен» тығыз байланысып, жұмыс жасаңыздар, – деді облыс әкімі.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Болатбек Ысмағұлов жеткізілген отын қоры, қала, аудандардың қамтылуы туралы баяндады.

Аймақ басшысы жауапты басшыларға жылу беру маусымына дайындық барысын қатаң бақылауды тапсырды.

Дәл осы жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына жеткізілген отын қорына күнделікті мониторинг жүргізу тапсырылды. Ал Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жылу беру маусымы жоспарына сәйкес қажетті көмірді жеткізуі, қоймаларда жеткілікті қор жинауды ұйымдастыруы тиіс. Сонымен қатар жеткізілген көмірдің тұрғындарға тікелей сатылуы бақылауға алынуы керек. Әйтпесе делдалдың саудасы да үлкен мәселе.

А.АҚЫЛБЕК



ҚЫЗЫЛОРДА АТАУЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Газетіміздің өткен санында Қызылорда атауын ойлап тапқан ағартушы ғалым Қоңырқожа Қожықов та, ал оны 1925 жылғы сәуір айында өткен съезде көпшілікке ұсынып, қолдау тапқан Сұлтанбек Қожанов екенін айтқанбыз. Бұл мәліметтерді архив құжаттары негізінде жазылған тарихшы ғалым Хазіретәлі Тұрсынның «Алаш қозғалысының онтустік қағанаты» атты еңбегінен алып отырмыз. Қызылорда атауы нені білдіреді, мағынасы қандай?

Тәуелсіздік алғалы бері Қызылорда атауына байланысты түрлі пікір айтылуда. Жалпы Қызылорда сөзін кеңестік заманмен байланыстыратындар аз емес. Сол себепті «Ақмешіт» немесе «Қамысқала» деген тарихи атауын қайтарайық деген де бастама көтерілді. Тіпті облыс атауын Сырдария деп өзгертейік деген ұсыныс та болған.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Бүгінде нарыққа төсек-орын жабылғын шығаратын фабриканың брендтері сан алуан. Кез келген адам қалтасына, талғамына қарай таңдап жүріп керегін таба алады. Базарға барсаң көздің жауын алатын төсеніш бұйымның түр-түрін көруге болады. Кейбірінің арзан болғанмен сапасы көңілге қонымсыз. Сапалысының бағасы шарықтап тұр.



ГҮЛВИРАНЫҢ ТЕКСТИЛЬ БҰЙЫМДАРЫ

Қызылордалық кәсіпкер Гүлвира бұйымын жасап, көпшілікке ұсынды. Көп Төлеубекова осы олқылықтың орнын ұзамай сапасы тамаша, қазақтың ерекше толтырып, жергілікті өнімді шығаруға талаптанп, «Нұрай текстиль» бренді тұтынушылар көңілінен шықты.

2 БЕТТЕ

ҮЗДІК АУЛА



Қала күніне орай дәстүрлі «Үздік аула» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты ауланы жасыл-желекке айналдырып қана қоймай, қала тұрғындарын ынталандыру мақсатында ұйымдастырылып келеді.

Бұл байқау 2018 жылдан бастап қолға алынған.

Биыл «Үздік аула» байқауы алтыншы мәрте өткізілді. Оған 16 аула қатысуға өтінім білдірген.

2 БЕТТЕ

ТЕГІН АУЫСТЫРАТЫНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ



Бүгінде тегін ауыстырғысы келетін азаматтар көбейіп келеді. Әсіресе қазақ ағайындар жаңа туған сәбиінің тегін қазақшаға ауыстыруға ынталы. Осы орайда баланың және азаматтардың тегін ауыстырғандарға қандай талап қойылатыны туралы мамандардан мәлімет алдық.

2 БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА АТАУЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Ақмешітті Қызылорда деп атаған арыстарымыздың бізден әлдеқайда білімді, қай жағынан келсе де он оран алатын қабілеті болғанын ескеруіміз қажет. Осы ретте филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің профессоры, елге белгілі тілтанушы маман Аман Абасилтовтың облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Қызылорда атауына терең бойласақ» деген макаласынан үзінді келтіре кетейік. Ғалым: «Ол заманның зиялылары алыстан ойлайтын ұлылар, абыздар ғой. Алаш арыстарының азат ойлай алатыны, сөз мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретіндігіне де жіті көңіл аударғаны таңғалдырады. Белгілі әдебиетші-ғалым Ғабит Тұяқбаевтың Әзербайжан еліне барған іссапарында өзін қарсы алған әзербайжан әріптестерінің «Қызылорда» атауын «Алтынорда» мағынасында қолданғанына риза болдым деп айтқаны бар еді. Міне, бұл атаудың түркілік дүниетанымды білдіретіндігінен де хабар береді. Сондықтан «Қызылорда» атауына сол ұлыларымыз сияқты байыппен қарағанымыз дұрыс» деген пайым жасайды.

Тақырыпқа тұздық үшін облыстық «Ақмешіт жастары» газетіне шыққан филолог ғалым Марлен Әділовтің пікірін қосқанды жөн санадық. Ол: «Қыздың көзі қызылда» дегендегі «Қызыл» сөзінде басқа бір мән жатқандай, зерделей келе мұның «алтын» мағынасындағы сөз екенін байқадық. Сөзімізге бірнеше дәлел келтіруге болады. Бірінші, тілдік

деректер: «Алтын» мағынасындағы «қызыл» сөзі орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде көрінген. Мысалы, Хорезм дәуірі (XIII-XV ғғ.) ескерткіші Нехжұл Фералис жазбасында «алтын» мағынасында қызыл-алтын қос сөзі қолданылған. Шағатай жазба ескерткіштерінен Шайбани хан сөзіндегі «қып-қызыл алту» тіркесі бар; Қорқыт ата кітабында қызыл сөзі «алтын» мәнінде жұмсалған. Қазіргі түркі тілдерінен анадоли диалектілерінде kızıl және әзербайжан тілінде kızıl

сөздері «алтын» мәнінде сақталған; түркмен тілінде ғызыл түлғасы актив түрде қолданылады, тіпті біздің «Алтын көрсе періште жолдан таяр» макалымыз бұл тілде «Ғызыл көрсе, қызыр йолдан азар» болып жұмсалуда; қарапайым тілінде қызыл сөзі «алтын ақша» мәніне ие; якут тілінде қыһыл көмүс тіркесі болса, «алтын» мағынасында, – деп ойын білдірген екен.

Осының өзі-ақ «Қызыл» сөзінің алтын мағынасында қолданылғанын, Қызылорданың түпкі мағынасы Алтынорда екенін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Қалай десек те Қызылорда атты қаланың атауы 1925 жылы жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Бүгінде Сыр өңірінің бас қаласы, жүрегі, аймақ аудандарына үлгі етер шаһары. Республика көлемінде де Қызылорданың ойып алар өзіндік орны бар.

Ә.ЖУМАДІЛДӘУЛЫ



Басы 1-бетте



АЛТЫНШЫ МӘРТЕ ӨТКІЗІЛГЕН БАЙҚАУ

Жалпы ауланы көгалдандыру жұмысын көпқабатты үйдің тұрғындары қолға алған. Оның ішінде байқаудың жеңімпазы атанған «Астана-1» мөлтек ауданындағы №1 үйдің ауласы. Ол комиссия шешімімен ауланы сәнді безендіру бойынша көп дауысқа ие болған.

Ал II орынды Жаппасбай батыр көшесіндегі 8 үй тұрғыны көршілерге арнап, ауласынан демалыс орнын ұйымдастыру арқылы жеңімпаз атанған.

Байқау бойынша III орынды сол жағалаудың жаңа мөлтек ауданындағы 3 жылдық еңбегінің нәтижесінде №22 тұрғын үй жеңіп алды.

Көршілердің ауызбіршілігі үзілмеген Әбдірахманов көшесіндегі №19 үй «Бірлігі жарасқан аула» аталымын алса, Токтыбаев көшесіндегі №10



жеке тұрғын үй 10 жыл ішінде әртүрлі жеміс ағаштарын егумен қатар көше бетгі көгалдандыру арқылы «Жасыл-желекті аула» аталымын алған. Ауланы көгалдандыру жұмыстарына балаларды араластыру арқылы еңбекке баулу үшін Жаппасбай батыр көшесіндегі №5 үй тұрғынына «Еңбекке баулыған үлгілі аула» аталымы бұйырған.

Айта кетейік, байқаудың «Үздік аула - 2023» тактайшасы жеңімпаз атанған тұрғын үйдің ауласына ілінген. Одан бөлек қаланың тазалығын қамтамасыз етуде тынбай еңбек еткен тазалық қызметкерлері марапатталып, қала әкімінің алғысы мен қаржылай сыйақысы табысталды.

Басы 1-бетте

Н.АЛТЫН

ГҮЛВИРАНЫҢ ТЕКСТИЛЬ БҰЙЫМДАРЫ



Кейіпкеріміз төсек-орын жабдықтарын өндіру саласында жаңа технологияны пайдаланды. Ол кәсіпкерлікке 2014 жылы зергерлік бұйым сату арқылы келген. 2022 жылы кәсібін кеңейту туралы шешім қабылдап, өзі өндіруші болуды көздеп, жанында сауда үйі бар шағын цех ашты.

– Базарда сырттан әкелінген тауарлар сатылды. Қазір көпшілік қыз жасауына ерекше әдемі, қазақы ұлттық болмысымызға сай келетін бұйым іздейді. Ондай бұйымды табу қиын. Сондықтан көпшіліктің сұранысын қанағаттандыру мақсатында өзім цех ашуды жөн көрдім. Цех ашу үшін «Қазақстан Халық банкінен» жылына 21,75%-бен несие алдым. «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдар

Басы 1-бетте

ға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы аясында оның 5%-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет субсидиялайды. Сонымен қатар қордың кепілдігі берілді, – дейді Гүлвира бізбен әңгімесінде.

Несие қаражатына өндіріске қажетті шикізат пен заманауи тігін жабдықтарын сатып алған. Жұмыс істеген 1 жыл ішінде «Нұрай текстиль» тоқыма нарығында орнығып, өнім түрлерін арттырып келеді. Цехта төсек-орын, әйелдер мен ерлерге арналған халаттар, сүлгі, төсек жапқыш, көрпе, жастық, жаялық, жастық қап, сейсеп, матрастар шығады. Сондай-ақ қыз жасауы мен өзге бұйымдар да экологиялық және табиғи материалдан тігіліп жатыр.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

ТЕГІН АУЫСТЫРАТЫНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Жауапты мамандардың айтуынша, тегін ауыстырғысы келетіндер алдымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы тұрғылықты жері бойынша тіркеу органына өтініш жазуы тиіс. Әділет министрлігінің сайтындағы мәлімет бойынша, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 259-бабына сәйкес атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініште мынадай мәліметтер болуы керек: өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі, таңдаған аты, әкесінің аты, тегі, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру себебі көрсетілуге тиіс. Өтінішке туу туралы куәлік, ауыстыруға жататын жеке куәлік, паспорт, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтам, мемлекеттік баж төленгені туралы құжат қоса тіркеледі.

Кімдер есімін ауыстыра алады деген сауалға келсек, ҚР Азаматтық кодексінің 15-бабының 4-тармағына сәйкес азамат өз есімін заң құжатында белгіленген тәртіп бойынша өзгертуге құқылы. 16 жастан асқан кез келген азамат есімін, тегін ауыстыра алады. Е-гov сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, жеке куәлікті және паспортты ауыстыруға 15 жұмыс күн кетеді. Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларында 1 және 3 жұмыс күн, облыстардың ауданы мен қалалары үшін 7 жұмыс күн мерзімінде рәсімделеді.

Сондай-ақ тектері мен әкесінің атының жазылуы қазақ халқының қалыптасқан дәстүріне сәйкес өзгертілген ұлты қазақ кісілер өтініш білдірген жағдайда, паспорт пен жеке куәлікті олардың бұрынғы тегі мен әкесінің аты ұсынылған туу туралы куәлікке сәйкес бұрынғыдай жаза отырып рәсімдеуге болады. «Неке және отбасы туралы» заңның 257-ші бабымен тегін ауыстыруға мынадай шарт негіз болуы керек. Атының, әкесінің атының, тегінің оғаш естілуі, атының, айтуға қиындық келтіруі, жұбайымен ортақ текте болғысы келген жұбайдың тілегі, егер неке бұзылған кезде бұл туралы мәлімдемесе, некеге дейінгі тегін алғысы келуі, бұрынғы некеден туған балаларымен ортақ текте болғысы келуі, жұбайы қайтыс болған жағдайда некеге дейінгі тегін алғысы келуі, жұбайы қайтыс болған жағдайда өтініш беруші некеге дейінгі тегінде болғанда, балаларымен ортақ текте болғысы келуі, өтініш беруші таңдаған ата-аналарының бірінің ұлтына сәйкес келетін атты және текті алғысы келуі, құжаттағы атынан өзгеше, өмірде нақты қалыптасқан атын алғысы келуі.

Сондай-ақ бұл негізге ұлттық дәстүрге байланысты әкесінің немесе атасының аты бойынша текте болғысы келуі мен өтініш берушіні тәрбиелеген адамның тегі мен аты бойынша текті және әкесінің атын алғысы келуі жатады.

Сонымен бірге «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 2923 Жарлығына сәйкес, ұлты қазақ адамдар қалайтын тегін, әкесінің атын мемлекеттік немесе орыс тілінде көрсетіп, еркін нысандағы өтінішпен жүгіне алады. Бұл ретте, тектерінде қазақ тіліне жат «-ов», «-ова», «-ев», «ева», «-ин», «-ина» жұрнақтар алып тасталып, тегі мен әкесінің атының түбір негізі сақталып, бір уақытта әкесінің атын жазғанда олардың орнына жынысына қарай «ұлы», «қызы» жалғауы бірге жазылады.

Аты-жөнізді ауыстырған соң жеке куәлік, паспорт, жүргізуші куәлігі, мекенжай мәліметі, зейнетақы келісім-шартын өзгерту керек. Айтпақшы, аты-жөнін ауыстырған соң әрбір қазақстандық өз құжатын міндетті түрде ауыстыру керек, оған 30 күнтізбелік күн берілген. Ал кешігіп қалсаңыз, 5 АЕК көлемінде, яғни 12 625 теңге айыппұл арқалысыз.

Мұнымен қатар, ҚР Азаматтық Кодексінің 15-бабының 4-тармағына сәйкес, азаматтың есімін өзгерту оның бұрынғы есімін, жасырын немесе бүркеншік атпен алған құқықтары мен міндеттерін тоқтатауға немесе өзгертуге негіз болмайды, сондықтан ол өзінің борышқорлары мен несие берушілеріне өз есімін өзгерткені туралы хабарлау үшін қажетті шара қолдануға міндеттеледі. Әсіресе қызылордалықтар өздерінің және балаларының тегін қазақыландыруға жоғары мән беруде. 2023 жылдың шілде, тамыз айларында рәсімделген 3982 баланың туу туралы куәліктерінің 90 пайыздан астамының тектеріне ов, ев, ова, ева жалғаулары қосып жазылмаған. 28 баланың тегіне ұлттық дәстүрге байланысты өзгеріс енгізілген, яғни тегі қазақыландырылған. Мұның өзі қазақылдықтың қаймағы бұзылмаған Сыр елінің ұлттық қасиеттерді ұлықтауға бейжай қарамағандығын дәлелдейді.

Басы 1-бетте

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

ҚИЫНДЫҚ ПЕН ЖЕТІЛГЕН ҒҰМЫР

Неге екені белгісіз, Гүлзада жұмыстан шығып келе жатып өзінен-өзі көңілі құлазы айналаға қарады. Күннің қабағы салыңқы. Өйткені күздің салқын желі азынай соғып тұр. Шынымен күз мезгілі күн өткен сайын салқиндай түсіп, қыстан хабар бергендей. Міне, қазан айының да басы басталып кетті. Ертен... ия ертең, жан әкем... әкешім Сәрсенбайдың туған күні. Тірі болғанда биыл сексеннің бесеуіне келетін еді ғой осы күзде... деп ойға шома, әкеге деген сағыныштан көзіне ып-ыстық жас үйіріле кетті. Терең күрсіне аспанға қарады. Онысы тарамдана аққан жасты ішіне жұтып, өкінішін басу еді. Көк жүзінде Қоғалықөлге қарай шұбап құстар легі ұшып барады. Ұзақ қарады, қараған сайын олар да ұзап барады. Әкесіне деген перзенттік сағынышы солармен бірге ұшып бара жатқандай сезінді. Әкемнің жатқан жерінен өтіп бара жатсаңдар, менен сөлем айтыңдар, – деп іштей күбір ете түсті...

Жалғыз жүріп келе жатып жетімдікпен өткен әке өмірін есіне алды ол. ...Сонау 1938 жылы өмірге келген Сәрсенбай 3 жасында асыраушысы, арқа сүйер асқар тауы әкесі Ұзақтан айырылды. Сәби көңіл не білсін?! Науша анасы ол кезде енді ғана ана атанған жас келіншек еді. Сәрсенбайды қолынан жетектеген күйі туған қайнағасы Жаманайдың үйіне көшіп келеді. Ол кісінің қабағының қатулығы соншалықты, қарағанда ел үркетін. Бұл үйге келу себебі, бұл кісінің де баласы жоқ еді. Сондықтан інісінің баласына қамқор болудан қашпай, келіні мен баланы қолына алады. Екінші жағынан өрімдей жас келіншекке ешкім көз қырын салмай, еркін жүріп-тұрсын деген болуы керек.

Міне, содан жесір әйел мен жетім бала ешкімнен шоқу көрмей, ешқандай таршылық шекпей өмірлері жалғасын табады. Сөйтпін, Жаманайдың қамқорлығының арқасында бала Сәрсенбай анасының жанында өмір кешеді.

Алайда, 13 жасқа толғанда оқуын тастап, ел қатарлы анасын асырауды қолға алып, Октябрь колхозында өгіз арбамен мемлекетке сүт тасушы болып, Смағұл Жақыптың көмегімен алғаш жұмысқа тұрды. Бар арман-ойы ертерек адам болып, анасын асырау, көрген қиындығын ұмыттыру еді. Жастайынан арманшыл, зерек, алғыр болып өскен ол өзін сол 13 жасында бір үйдің азаматымын деп санады. Сол жұмысқа шыққаннан бастап Жаманай әкесіне, Қанымқұл анасына тіреу бола бастайды. Сонда ол кісілердің жүздері бал-бұл жанып: «Біздің Сәрсенбай жігіт болды ғой» деп көздерінен мақтаныш сезімі ұшындап, жүректерін қуаныш кернеп, ауылдастарына айтып жүреді екен.

Арада 3-4 жыл өткізімнен зінгіттей жігіт болып өсіп, қабырғасы қатайған соң өз алдына бақташы болуды ойлайды. Бұл ойын құп алған еңбеккер азаматқа колхоз басшылары сенім артып, алдына сауын сиыр салып береді.

Содан 45 жылға жуық сиыршы болды. Ірі қара басын сақтауда, бұзау алуға, сүт беруде осы жылдар ішінде талай мәрте Социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, «Бесжылдық жарыстың жеңімпазы» медальдарын кеудесіне жарқырата тақты. В.И.Лениннің 100 жылдығы мерекелік медалі мен «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Ауылдық кеңестің депутаты да болды. Озат бақташы атанып, талай вымпелді жеңіп алды. Ауыл орталығында өтетін жиналыстарда еңбек ете білу керектігін айтып, жастар алдында сөз де сөйледі. Сондай басқосуларда әрі соғыстың зардабын көрген ол жастарға әрдайым «Құдай балаларды жетімдіктен, әйелдерді жесірліктен сақтасын. Жетім де жетіледі, алайда, еңбекпен есейген азамат қатарынан кем болмайды, ел мен жер аман болсын! Анау Ағмай Ерментаев, Болатбек Бержанов секілді құрдастарым еңбекпен есейгендер. Өзімің

еңбек жолымдағы ұстаздарым Әбдуллаев Әбілда аға, Жылқыбай аға мен Токтаркүл жеңгей, мемлекеттік сыйлықтың иегері, атакты бригадир Жаңбырбай Қожауов осы еңбектің қараторылары. Өзіме, өз отбасыма осы кісілерді үлгі тұтам», – деп үнемі айтып жүретіндігін Гүлзада қызы бүгін толғана есіне алды.

Жетімдіктің зарын көргенмен, еңбектен бағын тапқан Сәрсенбай әкесінің өзінің сабақтан келгенде алдынан күлімдей қарсы алатын сөзін ойға алып, терең күрсіне айналаға қарады. Анасына қоңырау шалып, марқұм әкесінің 85 жылдығымен құттықтамақ. Үйіне қарай, жылдамдата жүре түсті.

Ия, еңбектің қарагері атанған қайран әке, өмірлік зайыбы Наушагүл екеуі 3 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олар аман-есен, бір-бір үй болып, егеменді ел жолында еңбек етіп жүр.

Кенжаля ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі



Отбасы

Бүгінгі қоғамда отбасы құндылығы ең өзекті мәселеге айналған. Несін жасырамыз ажырасу, толық емес отбасының көбеюі, азаматтық неке, тұрмыстық зорлық зомбылық сынды жайттар белең алуға.

Отан отбасынан басталады десек, жұртымыз үл өсіріп ел мен жердің иесін, қыз өсіріп бүгін ұлтты тәрбиелейтін жеті ұғынған. Содан да болар казак отбасындағы ұл-қыздың тәлім-тәрбиесі бірінші орынға қойылған. Алайда уақыт өткен сайын ескі ұғым, таным-түсінік өзгеріс алып, жана дәуірдегі жат дүниелер бойға сіңіп келеді.

Бүгінде казак отбасындағы құндылықтың құлдырап бара жатқандығын жасыра алмаймыз. Әкенің беделі, ананың қадірі кетіп, оның орнына ажырасу, жалғызбасты ананың жетімнің көбеюі, тұрмыстық зорлық-зомбылық артып келеді. Қоғам көзқарасының өзгеруі дәстүрлі казак тәрбиесінде сан түрлі мәселені туындатады. Бұл – бүгінгі күннің көрінісі.

Қазақты тәрбие дегенде көз алдымызға бесік тербеткен ананың әлді, немересіне ертегі оқыған әже, еңбекке баулыған әке мен атаның бейнесі елестейді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, адамгершілік қасиеттен айнымау, намысты болу, ұятты білу ұлтымыздың дәстүрлі тәрбиесіндегі бала кезден бойға сіңуі қажет қасиеттер. «Яда не көрсен ұшқанда

ақылыңмен тәрбиелейсің. Қазак отбасы осындай құндылықтарды ұстанған дейді, – көп балалы ана.

Қазір жаһандану дәуірі. Техниканың дамуы, ақпараттың ашықтығы танымның кеңеюіне мүмкіндік беруде. Жаманнан жіреніп, жақсыдан үйренетін кабинетті қажет ететін кезең. Дегенмен көпшілік дұрыс пен бұрысты ажыратпай әркім өзіне қолайлы дүниені қалайды. Соның салдарынан бұрын тансық болған әрекеттер қалыпты әдетке айналып барады. Бұрын-сонды естімеген бір жынысты қарым-қатынас, жеке шекара, азаматтық неке сынды жана дүниелер енді. Ажырасу мәселесі де бар. Бұған бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті қосамыз. Мұның бәрі сананы тұрмыс

Қазақта «уызына жарымаған» деген адамға түрпідей тиетін сөз бар. Бірақ оның астарында, ұлттың ұлағаты, кеңестің кемелі жатыр. Себебі ананың сүтін еміп өскен бала мен жасанды тамаққа таңылған нәрестенің денсаулығы мен тән саулығында едәуір айырмашылық болады. Ана сүтінің табиғилығы, дәруменге бай болуы баланың бойын да, ойын да өсіреді. Оның күш-қуатын да еселеп, оның ағзасында кез келген ауруға төтеп беретін иммунитет қалыптастырады.

АНА СҮТІ – ӨМІР ҚУАТЫ

Адам бойындағы барлық асыл қасиет атаулы әкенің қанымен, ана сүтімен идіртіп, мейірімінен төгілген қасиетті ана сүтінің орны тіптен бөлек.

Бүгінгі нәзікжанды бала емізуден қашып, жасанды сүт беруге әуестеніп алғанын көзіміз көріп жүр. Ал ғылыми зерттеу бойынша сәбидің дені сау болып өсуі үшін оларды екі жыл толық емізу керектігі дәлелденіп отыр.

Ғалымдардың айтуынша, ана сүті ақуыз, май, түрлі дәрумендер, минералды тұздар мен өмірлік маңызды бар микроэлементтерге бай. Қазақтың «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген қанатты сөзі бекер айтылмаса керек.

Денсаулық саласында еңбек етіп жүрген Мәб емхананың аға мейіргері, Анар



Әбілдасының осы мәселе төңірегінде пікірін сұраған едік.

Жарық дүние есігін ашқан шақалақты бірден анасының омырауына жатқызады. Анасына емізуді міндеттейді. Себебі ананың сүті жас нәрестені қоректендіретін, кез келген жұқпалы аурулардан сақтайды. Ол нәрестенің ми жасушасының көбеюін және жүйке жүйесінің дамуын жеделдетіп қоректік заттарға өте бай. Сондай-ақ аллергиялық аурулардың алдын алады. Ана сүтінің қан азықтың ақыл-ой зеректігі сүтін толық емген баланың ақыл-ой зеректігі жоғары болады әрі анаға жақын, бауырмал болып өседі. Тағы бір қасиеті, оның құрамы нәрестенің өсу мерзіміне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан ана сүтіне қанып тоймағандар, әлсіз, жұқпалы ауруға бейім болып өседі, – деді ол.

Сондай-ақ бала емізу ананың денсаулығы үшін де маңызды. Дәрігерлердің сөзінше, ол сүт безінің қатерлі ісікке шалдығу қаупін он есеге, жатырдың қатерлі ісікке шалдығу қаупін екі есеге төмендетеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда ана жүрегінің соғысы баланы тыныштандырса, баланың өмірі ана-сының шаршағанын басады.

Ұрпағымыз уызына жарымаған әлжуаз болмауын қаласак, табиғи дәрумен көзі ана сүтінде екенін айырмай, құнарлы дәмнен бөбекті тәрбиелегеніміз жөн.

Гайһар
АСҚАРҚЫЗЫ

ҚЫЗ БАЛАСЫНА ӨСИЕТ

Халқымызда «Қыз жат жұрттық» деген келін болуы, өмірге ұрпақ әкеліп ана атануы өмір заңдылығы. Отбасының берекесін әйелдің ақылы мен даналығынан деп түсінген бабаларымыз қыз баласын отбасылық өмірге жастайынан баулыған. Оның ақылды да инабатты, өнегелі тәрбие алуы үшін өсиет айтып отырған. Қыздарды әдепті, ибалылыққа тәрбиелейтін өсиет сөздер.

Жаныңдағы кісімен жарыса сөйлем. Жалғыз өзін қыдырма, дарақаланып күлме. Өтірік, өсекке үйір болма. Суық жүріс, сұмаң қылыққа салынба. Кісіге қарай керілме, есінеме. Талтайып отырма, шалқайып жатпа. Тамақты ашқөзденіп жеме. Ұрлық-қарлықтан ада бол. Ашық-шашық киінбе, бұрандап қылымсыма. Қызыл інірде жатпа, түске дейін ұйықтама. Кісі алдында киім ауыстырма. Салт-дәстүрден аттама, адамдарды ғайбаттама. Үлкендердің жолын кесіп, атын атама. Ішімдікке, шылымға әуес болма. Ұрыс-керіске жол берме. Беттен алып, бет жұрттыспа.



Ысырапшыл, рахымсыз, қатыгез болма. Түнде суға жалғыз барма. Жат жыныстылармен араласпа. Әдепсіз сөйлем. Ебедейсіз, оқыс қимылдама. Адам мен жануарларды теппе. Кісіні қорлап, жабірлем. Тәкаппарлық танытпа. Айқай-сүренге әуес болма. Шектен тыс сыйланып жасанба. Қызғаншақтық пен күншілдікке бой берме. Менмендік пен өзімшілдікке салынба. Адамдарды алдап-арбама. Көресқазарлыққа құштар болма, нәпсі құмарлықты өзіңе дос етпе!

Әзірленген А.САЙДУЛЛА

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?



соны ілесің» деген тәмсілді халқымыз текке айтпаса керекті. Талай дана, ғұламалар дүниеге келген қазақ даласында олардың мұндай дәрежеге жетуі отбасындағы тәрбие, ата-ана тәлімінің нәтижесі екенін алға тартамыз. Хәкім Абайды үлгі қылғанда отан әжесі Зереңнің берген тәлім-тәрбиесі айтылады. Қайсыбір тұлғаны алсақ та, оның қалыптасуына аналарының ықпалы зор болған. Бұл ретте көпті көрген ана, көпбалалы Үміт Жаңабегеновадан ой бөлсін сұраған едік.

– Халқымыз небір заманды бастан өткерді ғой. Отарлықты да, ашаршылықты да бастан кешті. Тарихымызды жоюда қаншама қастық саясат жүргізілді. Соның барлығында ұлттық болмысымызды жоғалтпадық. Осындай қиын-қыстау кезеңнен жұртымыздың бірлігі, Отанға, халқына деген адалдығы аман алып шықты деуге болады. Ал мұндай қасиеттер адамға бала жаста, отбасынан беріледі. Халқымыз «яда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді. Отбасынан алған тәлім-тәрбие бала болашағының кепілі деуге болады. Сондықтан бала тәрбиесінде бұған баса мән берген жөн. Біздің кезімізде әкені құрмет тұту, шешені сыйлау, бауырларына қамқор болу, ағайынға жанашырлық таныту, ардан аттамау, ұят тірлікке бармау басты ұстаным болды. Осындай тәртіппен өсіп, қалыптастық. Одан жаман болғанымыз жоқ. Алайда ол ұстанымдар қазірде өзектілігін жойған жоқ. Тек оны адамдар өз таным-түсінігімен қабылдайтын болған. Қазір тәуелсізбіз, еркіндік бар. Бұрынғыдай қиын заман артта қалды. Алайда материалдық құндылық алға озып, рухани кенжелеп қалғанымыз бар. Бұрынғының адамы терең ойланса, бүгінгілер жеңіл, тек бүгінгі жағдаймен ғана санасалы. Отбасы құндылығы да өзгеріске ұшыраған. Ер мен әйелдің теңдігі отбасында да орын алып келеді. Қазір ер азаматтан гөрі әйелдер жауапкершілікті көп алады. Содан санасу пайда болуда. Қазіргі жастар еркіндікті жақсы көреді. Бір-бірінің сөзін көтермейді, бағынғысы келмейді. Өзімізді басым. Ал отбасы деген бүгін болуы керек. Бүгін болуы үшін оны құрған ерлі-зайыптылар бірге әрекет етіп, бір-бірінің сөзін сөйлеп, сыйластықта болуы қажет. Бір-бірінің кемшілігіне көз жұмуы, қалай бар солай қабылдау қажет. Мұндай қарым-қатынасты көріп өскен бала да жаман болмасы анық. Бала ата-анадан үлгі алады. Алдымен үлгімен, сосын

билеген заманда жығылғанға жұдырық болғандай. Жоғарыда кейіпкеріміз бүгінгі адамдарды өзімізді деді. Мүмкін. Өзім білемдікке салынған қанша жанның өзегі өртенгенін кім білсін.

Иә, расымен бүгінде қай-қайсымыз да өз қамымызды ойлаймыз. XXI ғасырды желеу етіп еркін болғымыз келеді. Заманауи үрдісті бойға сіңіріп, жана заман қалыптастырып келеміз. Жанымызға жақынның алға озып, ұнамағанын мойындағымыз келмейді. Осылайша жаттың құндылығы жадимызға сіңіп бара жатқандығын байқамайтын сынаймыз. Сананы тұрмыс билеген заманға кіне артсақ та, адами құндылықты ада қылмау керектігін ұмытқандаймыз. Ал сіз қалай ойлайсыз?

А.ӘЛІМ

Өмірде қолыңды мезгілінен кеш сермеп, өкініп қалатын кездер болады. Өмір болған соң төрт құбыланды тең ете алмайтының тағы бар. Бүгін материалдық жайынды күйттеп жүріп, ертең өзекті өртер күйге түспесіне кім кепіл? Қазір кеш үйлену қоғамда өзекті мәселеге айналған. Елімізде 27 жастан асқан азаматтар сұрбойдақ деп танылса, қыздардың шекті жасы 25 екен. Осы арада психолог маманның пікірін білгенді жөн көрген едік.

– Өрбір азаматтың үйленуіне жасы маңызды дей алмаймын. Ол оның бойындағы ересектігі қасиетінің дамуына байланысты. Бірі өзін әлі жас көруі мүмкін. Екіншісі ерте есейіп, отбасын құруды қалайды. Бұл біржақты қарайтын мәселе емес. Бұған ата-атаның баланың санасын қалыптастыруы, араласатын адамдарының ықпалы әсер етуі мүмкін. Мәселен кейбір ата-аналар баласын шектен тыс өбектеп, қамқорлық танытады. Мұндай тәрбиені сіңірген баланың сол қалыптан шыққандығы келмеуі мүмкін. Сол сияқты кейбір отбасы бала тәрбиесінде материалдық

СҮРБОЙДАҚ: материалдық құндылық маңызды ма?

Жасы келсе де отбасын құрмаған, тұрмысқа шықпаған қыз-жігіттер қаншама. Сананы тұрмыс билеген уақытта көбінің қызмет қуып, алдымен материалдық жағдайға баса мән беретіні бар. Әл-ауқатын арттырып, тұрмысын түзеген сон шаңырақ көтергенді қалайды. Бұған артық бірден деудің өзі де дұрыс емес шығар. Расымен, қоғамның санасы, көзқарасы өзгерген тұста тұрмыс жағдайды алдыңғы орынға қою заңдылық. Басында баспанасы, астында көлігі, тұрақты жұмысы болса отбасы қажеттілігін өтей алатын болар. Бұл күнде есесіз үйленіп, бала-шағамен пәтер жалдап, көшіп-қонып жүргендер қаншама. Соған қарап мұндай көзқарастың қалыптасуы қалыпты сияқты.

Халқымыз «Он үште отау несі» дегенді санаға ертең жастан сіңірген. Иә, ұрпағымыз мың жасауды қалайтын бабаларымыз отбасын құрып, ізін жалғар ұлының, өрісін кеңейтер қызының болғанын қалаған. Алайда бүгінгі күні сұрбойдақтар жайы күн тәртібіндегі мәселеге айналған.

Өмірде қолыңды мезгілінен кеш сермеп, өкініп қалатын кездер болады. Өмір болған соң төрт құбыланды тең ете алмайтының тағы бар. Бүгін материалдық жайынды күйттеп жүріп, ертең өзекті өртер күйге түспесіне кім кепіл? Қазір кеш үйлену қоғамда өзекті мәселеге айналған. Елімізде 27 жастан асқан азаматтар сұрбойдақ деп танылса, қыздардың шекті жасы 25 екен. Осы арада психолог маманның пікірін білгенді жөн көрген едік.

– Өрбір азаматтың үйленуіне жасы маңызды дей алмаймын. Ол оның бойындағы ересектігі қасиетінің дамуына байланысты. Бірі өзін әлі жас көруі мүмкін. Екіншісі ерте есейіп, отбасын құруды қалайды. Бұл біржақты қарайтын мәселе емес. Бұған ата-атаның баланың санасын қалыптастыруы, араласатын адамдарының ықпалы әсер етуі мүмкін. Мәселен кейбір ата-аналар баласын шектен тыс өбектеп, қамқорлық танытады. Мұндай тәрбиені сіңірген баланың сол қалыптан шыққандығы келмеуі мүмкін. Сол сияқты кейбір отбасы бала тәрбиесінде материалдық



жағдайының жетіспеушілігіне басымдық беруі мүмкін. Сол себепті тұрмыс жағдайымызды түзмей үйленбеймін деген пікірді ұстанады. Сондықтан отбасы құрудың маңызын оның өзіндік ауырталығы барын, соны жеңе білгенде босағанның берік болатынын жастайынан ұғындыру керек. Жауапкершіліктен қашпайтын, материалдық жағдайдың маңызы еместігін жіті түсінетін болғаны абзал, дейді, – психолог Жазира Ізтай.

Еліміздің демографиялық ахуалын арттыруды көздеген қазіргі кезеңде сұрбойдақтардың көбеюі алаңдайтын жағдай. Ғалымдар олардың демографияға кері әсер ететінін алға тартады. Расымен, жас ұлғайған сайын адамның ұрпақ сую мүмкіндігі азаяды. Мұны дәрігерлер адам ағзасының жыл өткен сайын өзгеріске ұшырайтынын түсіндіреді. Әсіресе қыз баласында жасы келген сайын бұл мүмкіндік шектеледі. Сондықтан оларға 30 жасқа дейін балалы болуға кеңес береді. Одан кейінгі уақытта бала мен ана өміріне төнер қауіп басым болатынын айтады. Зерттеушілердің сөзіне сенсек, жасы ұлғайған жігіт пен қыздан дүниеге келген сәбилері аурушан, түрлі кемшіліктерге бейім келеді екен.

Кенес дәуірі кезінде сұрбойдақтарға салынатын арнайы салық түрі болған деседі. Еліміз егемендік алған тұста бұл жойылған екен. Кейінірек бұл мәселе қайта қозғалып, сұрбойдақтар салығын енгізу ұсынылған. Дегенмен көпшілік тарапынан қарсы пікірлер айтылып, тақырып жабулы күйінде қалды.

Жоғарыда кеш үйленудің негізгі себебін әлеуметтік жағдай деп көрсеткен едік. Алайда оның одан да өзге себебі жетерлік. Мәселен, өзіне лайықты жанды жолықтырмауы. Өмірде жар таңдауда қателеспеу керек деген қағиданы ұстанатындар бұған аса мән береді. Мұндайда халқымыз «Таңдаған таза жолғады» дейді. Сонымен қатар кейбір азаматтардың жайлы өмірден бас тартқысы келмей, жауапкершілік алғысы келмейтін эгоистік қасиеті де сұрбойдақтыққа себеп болуда. Бұдан бөлек толық отбасынан шықпаған жандар да үйленуге асықпайтын көрінеді.

Кейбір дерекке сенсек, елімізде қыздардың 30 пайызы, ал жігіттердің 40 пайызы бойдақтар қатарында екен. Өкініштісі сол, бойдақ өмірге еті үйреніп, отбасын құруға асықпайтындар саны соңғы жылда екі есеге артыпты.

Айдана СЕЙІЛ



РАХАТИЗМ



«Тегін» деген сөз тапырақтатып тұрғызып, тапа тал түсте жаман көлігіме топ еткізді. «Үкімет қаулысымен пәлен деген жерде тегін жер беріліп жатыр екен!» деген сөз ойымды оң, санамды сексен бөлікке бөліп жібергенін жасырмаймын, машинеме бензин ішкізейін деген оймен жанар-жағар май қуо станциясына бұрылдым. Сөйтсем, шлангінің басына: «Бензин тегін. Қалағаныңызша.» деп жазып қойыпты. Анадай жерде сары жолақты желеткі киген жігіт иегін қасып отыр. Жүгіріп барып, иегін қасып бердім де:

– Шынымен тегін бе? Ненің құрметіне? – деп сұрадым. Ол жымыды. Сосын:
– Естимедіңіз бе? Біз мұнайлы ел болғандықтан, бұдан былай бензин тегін таратылатын болды... – деді.

Сол жерде серейіп құладым. Май қуошы аузыма бензин тамызып, орнымнан тұрғызды. Қырық литр бензин құйып берді. «Өтірік пе, рас па?» дегендей, келесі бекетке барсам, ол жерде де тегін екен! Рахатизм! «Ойбай, мұнайымыз бар болса да, бензин

кымбаттап кетті! Мұнай иелері алпауыттар! Олардың жекеменшік тікушақтары да бар!» деп дірілдегенім айдалада қалды! Рахатизм! Бірақ әудем жерден МАЙ инспекторы тоқтатып, «Бензинді тегін пайдаланғанға қуанғаным үшін» он мың

теңге айыппұл төледім. Ашуланғаның үшін он бір мың теңге төлейді екенсің...

Бір кезде ұзақ сонар кезек көрдім. Көлігімнен көлбейдей түзе қалып, бір кісіден:

- Ненің кезегі? – деп сұрадым.
- Тегін жер беріп жатыр!
- Ойбай қанша сотық?
- Он сотық!

Деруе кезекке тұра қалдым. Пәтер жалдап, өмірде өзімді-өзім алдап жүргенім есіме түсіп, қамығып жылап та алдым! Қайран, тегін берілетін он сотық жер! Сені де көретін күнім бар екен-ау? Бір кезде кезегім де жетті. Қалалық әкімшіліктің комиссия мүшелері қолыма бір тостақ жер кесіп бере салды. Тостақтағы жер қыртысына қарап:

- Мұны қайтемің? – деп сұрадым.
- Он сотық жер алғаныңыздың сертификаты. Ішінде шешім қағазы бар.

Ертең жер комитетіне барыңыз, жерді тегін аласыз, – деді сағыз шайнап отырған әйел. Қуанғаным-ай! Ертеңіне желдей есіп отырып, жер комитетіне бардым. Ондағылар бір тиын да төлетпей, он сотық жер бөліп берді! Рахатизм! Ура! Мен жер алдым! Жер басып жүріп, жер алдым! Өз елімнен, өз жерімнен! Енді үй сала бастағанымда, әкімшіліктен комиссия келіп:

– Жерге қазық қакқаныңыз үшін жеті мың доллар салық төлейсіз, – деді. Рахатизмде жүр едім, қайғызм пайда болды. Өлгім келді. Өлу үшін де алдын ала қалалық салық комитетіне барып, салық төлейді екенбіз... Уа, қайран қара жер! Шынымен мен саған, сен маған керек емессің бе?

Мұхтар ШЕРІМ



Үндістандағы әйел үні

Өткен бейсенбіде Үндістан парламенті жаңа заң қабылдады. Онда гендерлік теңдік мәселесімен қатар төменгі палатадағы орынның үштен біріне әйелдерді отырғызу көзделген. Бұл – елдегі белсенділердің жеңісі әрі мемлекет тарихындағы ең маңызды саяси шешім. CNN арнасының тілшісі Рея Могул аталған заңның қалтарысы мен қалыбын, оқылығы мен артықшылығын жан-жақты тарқатыпты.



«Заң жобасы партияаралық талқылаудан өтіп, Үндістандағы барлық саяси спектрден өтті. Жоғарғы палатаның 214 мүшесі заңды қолдап, ізінше Төменгі палата өкілдері де келісім берген. Аталған өзгерісті Үндістанның Премьер-министрі Нарендра Моди де жылы қабылдап, твиттер парақшасына «Демократия жолындағы тарихи сәт!» деп жазба қалдырды.

Аталған заңды қабылдауға алты мәрте талпыныс жасалған. Дегенмен қолдау аздығынан әріге ысырылған еді. Енді, міне, заман талабын түсінген билік әйел теңдігіне басымдық беруде. Оған себеп те бар. 1,4 млрд адам қоныстанған Үндістанның жарымына жуығы әйелдер. Әйтсе де парламенттің тек 15 проценті, шаттар жиынының 10 проценті ғана әйелдерден құралған», – дейді автор.

Үндістан халқы – консервативті қоғам. Қаласын-қаламасын, ондағы қасталық жүйені түбірімен жою әзір мүмкін емес. Ал қасталық жүйе бар екен, демек әйелдер теңдігіне бірден қол жеткізу мүмкін емес. Мұны саясаттанушылар да баса айтқан болатын. Бұл қолға заңның тағдыры да осы ұстанымға тәуелді. Себебі заң қабылданғанымен қуануға әлі ерте. Билік елдегі халық санағы біткенде ғана заң күшіне енеді деп жоспарлауда.

«Заң халық санағынан соң күшіне енеді деген ресми ақпарат тарайды. Бұл орайда бірнеше мәселені айтқан жөн. Алғашқысы, халық санағы 2021 жылы өтуі тиіс еді. Әлемді жайлаған пандемияға байланысты кейінге шегерілді. Кейінгісі, санақтың нақты қашан бітері белгісіз. Міне, сондықтан елдегі оппозиция өкілдері заңды халық санағымен байланыстыруды дұрыс көрмейді. Үндістан ұлттық конгресінің көшбасшысы Соня Ганди аталған қадамды сынап: «Бұл заңды әйелдер 13 жыл күтті. Енді тағы күтуді сұрауда. Әлі қанша шыдау керек?» – деп сөйледі. Ал конгресс депутаты Раджани Патил болса, заңды келер сайлауға дейін іске қосу керек деген ұсыныс айтты», – дейді тілші.

Сайлау демекші, бүгінде Үндістан президенті – Драупади Мурму. Бұл тақырыпқа селқос қарамайтын ол нәтиже болғасын заң жобасының толығы мен қабылдануына түрткі болған секілді. Сондай-ақ келер сайлауда қолдауға ие болып, билікке қайта келуге ұпай жинау үшін де аталған саяси қадамның көмегі зор. Олай дейтініміз, Үндістандағы патриархалды қоғамның сарқыншағы жаңа заңның күшіне енуін шегеруге әлі талай сылтау табатыны анық.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

ҰННЫҢ БАҒАСЫН НЕГЕ КӨТЕРДІ?

(Бекжан Әшірбаевтың көршінің қызы өлеңінің желісімен)

1) Биліктен халық уәдесін
Орындалмасын кім білген?..
Айтқан олардың сөздері тіпті,
Өтірік болды бір-бірден.

Қайырмасы
Ұнның бағасын неге көтерді...
Алғысы келді ме жағадан?
Халыққа айтшы неге бүйтеді...
Қысқысы келді ме бағадан?

2) Сендерге айтар сөзім де
Ойланып жүрміз әр тәулік.
Базар бағасын құрықта
ҮКІМЕТ деген алты әріп...

Қайырмасы
Ұнның бағасын неге көтерді...
Алғысы келді ме жағадан?
Халыққа айтшы неге бүйтеді...
Қысқысы келді ме бағадан?

3) Базар бағасы арзан боп
Бакытты халқың көршінен.
ОТАНЫҢ үшін осы ісін бітсе,
Халық та бәрін кешіретер...
Қайырмасы
Ұнның бағасын неге көтерді...
Алғысы келді ме жағадан?
Халыққа айтшы неге бүйтеді...
Қысқысы келді ме бағадан?



ХАЛЫҚ ҮШІН ТАБЫЛСА ЕКЕН БІР АЛЫП!

Уа, Үкімет!
Уәден бұзылды тағы да,
Құрғақ уәде жақын болды жаныңа.
Бақылауда ұстаймыз деп бағаны,
Көп тиесің халықтың да шамына.

Деймісің әлде халық «не білген?»,
Ешкім сені тартқан жоқ қой тіліңнен.
Ел алдында уәде бердің,
Орында...
Жанылмағай жүріс түгіл, сөзіңнен.

Халқың жүрсе қарыз болып
Пайызы көп несиеңі тағы алып.
Алған айлық шайлығына жетпесе,
Қайда барып күн көреді бұл халық?

ЖАРАТҚАННАН тілейтінім бір
Өссін-өңсін,
Қиналмасын бұл ХАЛЫҚ!

Бұдан былай бермесе де несие,
Кешіретін табылса екен бір АЛЫП!
ХАЛЫҚ ҮШІН ТАБЫЛСА ЕКЕН
БІР АЛЫП!

БҮГІНГІНІҢ БІР СӨЗІ

Несиең барда ақшам бар деме,
Айлығың кетер ауаға.
Төлей алмасаң ай сайын,
Қаларсың бір күн далада.

Несиеге ет алсаң,
Сүйегі асқазаныңды шіретеді.

Ақша ашпайтын есік жоқ,
Тының кірмейтін тесік жоқ.

Кәріге қарыз берсең,
Өлмеуін тілейсің.
Сұлғаға қарыз берсең,
Бермеуін тілейсің.

Кредит қаржы болып жарытпас,
Ипотека үй болып жарытпас.
Құтылғанша бәрі ауада

Үйленбей тұрып, жүріп ал,
Несиеңі бар ма, біліп ал.

Ақшаның жайын бай біледі,
Ешкімге айтпай жай жүреді.

Құтылғандар ештеңеден
тарықпас.

Ақша тапқыштың көзі
Өзінен бұрын сөзі ойнайды.

Күткенді, ойнайды,

Теңге тиынмен көбеймейді,
доллармен көбейеді.

Күткенді, ойнайды,

Атынды сат, тонныңды сат,
Теңге жинаудың амалын тап.

Күткенді, ойнайды,

Ақшада көз жоқ,
Ессіз де есеп жоқ.

Күткенді, ойнайды,



Бас дәрігер ауысты

- Құрбым-ау, жаңалықты естідің бе?
- Қайсысы?
- Шынымен естіген жоқсың ба?
- Айтшы енді, төзімді тауыспай...
- Бас дәрігер ауысыпты.
- Қойшы-ы-ы, рас па?
- Жаңадан келгені бұрын кім еді?
- Бас дәрігер!
- Бұрынғысы кім болды?
- Бас дәрігер!
- Сонда кім ауысты?
- Бас дәрігер!
- Е-е-е, ротация деген осы ма?..

ӘЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Суреттер ашық дереккөзден алынды



Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Алғашына 2 рет, соңына екі, сөйтіп бірінші шығалды.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 Тапсырыс №1556

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА